



Екінші деңгейдегі банктердің берген білім беру кредиттеріне "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының кепілдік беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 745 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 248 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.02.21 № 248 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің берген білім беру кредиттеріне "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының кепілдік беру ережесі**бекітілсін**.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

19

шілдедегі

N 746

қаулысымен

бекітілген

Екінші деңгейдегі банктердің берген білім беру кредиттеріне "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының кепілдік беру ережесі

**Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Екінші деңгейдегі банктердің берген білім беру кредиттеріне "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының кепілдік беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Мемлекет Басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің беретін білім беру кредиттеріне (бұдан әрі - кредит) "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қаржы орталығы) кепілдік беру тәртібін реттейді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.**

2. Ереже кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын төмендетуге, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға қол жеткізу ді қамтамасыз етуге, кредит шарттары бойынша қарыз алушылардың міндеттемелерді орындамауына байланысты кредиторлардың тәуекелін төмендетуге, берілетін кредиттер көлемін ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға, қарыз алушылар ауқымын кеңейтуге мүмкіндік беретін жүйені құру мақсатында әзірленді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.**

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) андеррайтинг - кредитті қайтармау тәуекелін бағалау рәсімі;

2) кепілдікті міндеттеме - Қаржы орталығының кредитор алдында бас келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда айқындалған кепілдіктер мөлшері шегінде кредит шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерді орындағаны үшін жауап беру міндеттемесі;

3) бас келісім - кредитор мен Қаржы орталығының арасында жасалған, олардың кредиттерге кепілдік беру жөніндегі өзара қарым-қатынас жасау тәртібін белгілейтін шарт;

4) дефолт - қарыз алушының кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындауы, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдікте міндеттемелерді орындау рәсімі басталады;

5) қарыз алушы - кредитор кредит берген жеке тұлға;

6) білім беру кредиті - жеделділік, ақылылық, қайтарымдылық шарттарында кредитор қарыз алушыға беретін ақшалай қаражат;

7) кредитор - қарыз операцияларын жүргізуге қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілдегі органның лицензиясы бар екінші **д ең г ей д ег і** **б а н к ;**

8) кепілдік беру жоспары - Қаржы орталығының Директорлар кеңесі бекіткен **к е п і л д і к** **б е р у** **ш а р т т а р ы .**

Ескеरту. З-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2006.06.30. N 619 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2-тaraу. Қаржы орталығы, кредиторлар мен қарыз алушылардың өзара қарым-қатынасы

4. Әлеуетті қарыз алушы кредитор белгілеген талаптарға сәйкес Қаржы орталығы кепілдік берген кредитті алуға кредиторға өтінім береді.

5. Қаржы орталығы өз қызметіне қарай қарыз алушымен тікелей өзара **қ а р ы м - қ а т ы н а с** **ж а с а м ай д ы .**

6. Қаржы орталығы мен кредиторлардың өзара қарым-қатынасы бас келісіммен реттеледі.

7. Қаржы орталығы қарыз алушылар мен кредиттер үшін бұқаралық ақпарат құралдарында міндettі жариялануға жататын өлшемдерді айқындайды.

3-тaraу. Бас келісімді жасасу тәртібі

8. Қаржы орталығымен бас келісімді жасасу үшін кредитор Қаржы орталығы бекіткен нысан бойынша қол қойылған және мөрмен куәландырған өтініш береді. Өтінішке кредитор Қаржы орталығы бекіткен және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған тізбеге сәйкес құжаттарды қоса береді.

9. **Алынып тасталды - КР Үкіметінің 2006.06.30. N 619 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

10. Қаржы орталығы Ереженің 8-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбаған немесе оларды тиісті үлгіде ресімдемей ұсынған жағдайда кредитордың өтінішін қараудан бас тартады.

11. Бас келісімді жасасу туралы не өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімді Қаржы орталығы ол келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде қабылдайды.

12. Б а с к е л і с і м :

- 1) кредитордың андеррайтингіні уақтылы және сапалы өткізуі;
 - 2) кредитордың Қаржы орталығын кредит шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындауға, кредит шартында көзделген қарыз алушының сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайларының басталуына байланысты кредит шартының тоқтатылғаны туралы уақтылы хабардар ету;
 - 3) кредитордың Қаржы орталығына кредит шарттары жөніндегі міндеттемелердің ағымдағы орындалуы туралы ақпаратты ұсынуы;
 - 4) кредитордың Қаржы орталығына кепілдік берілген кредиттер бойынша талап ету құқығын беру кезінде жазбаша хабардар ету туралы ережелерді қамтуы
- т и і с .

Ескеरту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Бас келісім оған тараптар қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

14. Қаржы орталығы бұқаралық ақпарат құралдарында онымен бас келісім жасасқан кредиторлардың тізбесін жариялады.

4-тaraу. Кредиттер бойынша кепілдік беру тәртібі

15. Бас келісім жасасқан кредитор Қаржы орталығы кепілдік берген кредитті алуға әлеуетті қарыз алушы оған өтініш білдіргеннен кейін ол бекіткен нысан бойынша Қаржы орталығына кредитке кепілдік беруге өтінім жібереді.

16. Қаржы орталығы кредитордың өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың Қаржы орталығының талаптарына сәйкестігін қарайды және кредиторға қол қойылған және мөрмен қуәландырылған кепілдік беру міндеттемесін бір данада не кепілдік беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Кепілдікті міндеттемелер Қаржы орталығының Директорлар кеңесі бекіткен кепілдік беру көлемі шегінде беріледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.30 N 619 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

17. Қаржы орталығы мұнадай:

- 1) дұрыс толтырылмаған өтінім нысанын ұсынған;
- 2) қарыз алушы және/немесе кредит Қаржы орталығы айқындаған елшемдерге сәйкес келмеген;
- 3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4) Бас келісіммен көзделген өзге де.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.30 N 619 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

18. Кредитор Қаржы орталығы қол қойған және мөрмен куэландырған кепілдік беру міндеттемелерін алғаннан кейін кредитор мен қарыз алушы кредит шартын жасасады.

Кепілдік беру міндеттемесі кредит шартын жасасқан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5-тaraу. Кепілдік төлеу тәртібі

19. Дефолт туындаған кезде кредитор бас келісімде белгіленген тәртіппен қарыз алушының негізгі міндеттемелерді орындамағаны туралы Қаржы орталығын хабардар етеді.

20. Кредитор бас келісімде белгіленген тәртіппен төлем құжаттарын және кредит бойынша құжаттарды қоса бере отырып, кепілдік сомасын төлеуді талап ететін құжатты ұсынады.

21. Кредитті беру кезінде кредитор талаптарға сәйкес келетін андеррайтингіні өткізген жағдайда Қаржы орталығы белгіленген мөлшер шегінде кепілдік сомасын төлеуді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 395 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (төленетін күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша) жүзеге асырылады.

23. Кредит бойынша кепілдік мөлшері кепілдік беру жоспарымен белгіленеді және негізгі қарыз сомасының 50 пайызынан кем болмайды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.30. N 619 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

24. Алынып татсалды - ҚР Үкіметінің 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6-тaraу. Кепілдік беру міндеттемелерін тоқтатудың негізі

25. Кредит бойынша кепілдік беру міндеттемесі бас келісімде көзделген тәртіппен Қаржы орталығы кепілдік сомасын төлеусіз мынадай:

1) қарыз алушы міндеттемелерді орындаі отырып, кредит шарты тоқтатылған ;

2) кредит шартымен көзделген қарыз алушыны сақтандыру шарттарының кез келгені бойынша сақтандыру жағдайлары туындаған;

3) кредитор кепілдік берілген кредит жөніндегі бас келісімнің шарттарын орындаған ;

4) Қаржы орталығымен бас келісім жасаспаған кредит бойынша талап ету құқығын берген ;

5) осы Ереженің немесе бас келісімнің талаптарына сәйкес келмейтін андеррайтингіні өткізу фактілері анықталған жағдайларда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде және бас келісімде көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 395 (алғашкы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7-тaraу. Қорытынды ережелер

26. Бас келісімге кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу қосымша келісімге қол қою жолымен жүргізіледі.

27. Кепілдік беру жоспары қайта қаралған жағдайда жаңа шарттар жаңадан кепілдік берілетін кредиттерге қолданылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.04.25 N 389 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

28. Осы Ережеде және бас келісімде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК